

Үржар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 31-652 /VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 29 қаңтарда № 37910 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2- тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 5-тармағына сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) "Үржар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" 2024 жылғы 18 наурыздағы № 13 -243/VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде №237-18 болып тіркелген) Үржар аудандық мәслихатының шешімі;

2) "Үржар ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" 2024 жылғы 25 қарашадағы № 20 -384/VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 378-18 болып тіркелген) Үржар аудандық мәслихатының шешімі.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Үржар аудандық мәслихатының төрағасы

А. Омаров